

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлім Бестоғай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа села Бестогай отдела образования по Ерейментаускому району управления образования Ақмолинской области»

БҰЙРЫҚ

27.08.2024 ж.

Бестоғай ауылы

ПРИКАЗ

№ 46

село Бестогай

**Орта білім беру ұйымдарында
2024-2025 оқу жылының басталу және
аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін айқындау туралы**

Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 265 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынандай мерзімдері айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-9 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1 – тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2 – тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3 – тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

4 – тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынандай мерзімдері бекітілсін:

9 – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынандай мерзімдері бекітілсін:

9 – сынып оқушылары үшін:

1) математика(алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзілік тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



«Бестогай ауылының негізгі орта мектебі»
КММ-ның директоры

Каус Г.Каппасова